

1941-1945 Ж. АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ШЕТ АУДАНЫ КОЛХОЗ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ

Жакин М.С., т.ғ.к., профессордың ассистенті
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды, Қазақстан

Бұл мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Шет ауданындағы ауыл халқының тұрмысының негізі болған колхоз шаруашылықтарының жай-күйі мәселесі қарастырылады. Экономикалық тарих тақырыбы кеңестік тарихнамада жүйелі түрде зерттеліп келгенімен нақты өлкелік деңгейде сол шаруашылықты игерген халықтың мүддесі, әлеуметтің хал-ахуалы мүлде назардан тыс қалып келген еді. Негізінен экономикалық көрсеткіштерді статистикалық мәліметтер арқылы саралай отырып, «үкімет берген тапсырманы орындау» мәселесі ғана өзекті болып келді. Ал қазіргі жағдайда бұл мәселеге сол ауыл халқы көзқарасы тұрғысынан келіп, антропологиялық аспектіде қарастыруға тырысамыз.

Осы тарихи сәттегі кеңестік одақ аумағындағы қалыптасқан хал-ахуалдың қандай болғанын мына төмендегі мәліметтер сипаттайды.

Ұлы Отан соғысы басталған алғашқы айларда немістер Одақтың 40 процент халқы тұрған жерді басып үлгеріп еді. Онда бәр астықты өнімдердің 38%, техникалық мәдениеттің 50%, қант қызылшасының 87%, ірі қара малдың 45%. Одақтың колхоздарының 41,7%, совхоздардың 50 %, МТС-тің 41.3 % қалған болатын [1, 217 б.].

Бұл цифрлар экономикаға қаншалықты ауыр жүк түскенін және ол жүктің едәуір бөлігі Қазақстанға, оның ішінде, ауылшаруашылық өнімдерді өндіретін аудандардың, бірі ретінде, ауыртпалық Шет халқының басына да түскен еді.

Неміске қарсы атылған әр он оқтың 9-ы Қазақстан қорғасынынан жасалды. Одақ бойынша үшінші орынға ие болған көмір бассейіні Қарағанды шахталары үздіксіз жұмыс істеп тұрды. Осы жылдарда Шет құрамындағы Ақшатау молибден-вольфрам комбинаты өнімдерінің жеңіске қосқан үлесі зор болды. Ақшатау кеніші ҚСРО Қорғаныс комитетінің Қызыл Туымен екі мәрте марапатталды. Бұлар әрине толық деректер емес. Шет жағасы.

Ер азаматтар майданға аттанған соң бар ауыртпалық әйелдер мен жас балалар, қарттардың иығына түсті. "Қазақстанның бар ауылдары ең соңғы түйірлеріне шейін жеңіс үшін майданға беріп отырды. Өздері аштықтың шегінде өмір сүрді", — деп жазады Абылхожин [1, 223 б.]. Құжаттардың бірінде Шеттің колхоздарының жайы: "Егіс алқабы 200 га, бір адамға 53 бас мал және 12 га егісті алқапты (күту керек). Колхоздың табысы 1941 жылы 28 мың сом, ал 1945 жылы — 45 мың сом. Орташа табыс бір адам басына шаққанда бір жылға 2600 сом. 1941-42-43 жылдарда колхозшылар атқарған еңбек күндеріне бір сом да ақша алған жоқ. Бидаймен тек қана 1942 жылы ғана алды. Мұндай мысалдарды ондаған колхоздардан көруге болады", — деп баяндалады [2, 10-12 п.].

Ауыртпалықтың салмағын көрсететін төмендегі (1-ші кестедегі) архив құжатына сүйеніп көрейік [2, 162,163 п.].

К/з атауы	Шаруашылық	Еңбекшілер саны	Бар мал саны	Колхоз өнімдері	Бар егіс алқабы	Оның ішінде		1 адамға шаққанда			Колхоз табысы		1 адамның 1 жылғы табысы	Еңбек күннің 1942 ж. бөлінуі		
						егістік	шаны	мал	егіс	шаны	1941	1942		бидаймен	ақшамен	
Ақкүд	20	17	894	5	9360	209	763	53	12	45	28	45	2,6	13300	-	
Қайрақты	25	28	554	4	7027	240	480	20	8,6	17	23	39	1,4	14672	-	

Қатпар	24	26	919	5	112 86	16 0	539	35	6,9	21	38	39	1,5	2060 0	-
Алғабас	18	20	711	5	146 89	16 5	422	35	8,2	21	25	18	0,9	1046 4	-
Қарғалы	23	31	983	5	148 55	23 5	475	32	7,2	15	22	59	1,9	1404 3	3200
Аюлы	27	29	751	6	236 56	16 5	225 8	26	5,6	77	50	36	1,2	7584	1090
Жаңажұрт	28	55	538	4	207 87	23 5	630	10	4,2	12	18	42	0,8	2845	1200

1 кесте. Шет колхоздарының жайы

Бұл құжатта 1944 жылдың 1-қаңтарындағы Шеттің 28 колхозының экономикалық және басқа да көрсеткіштері берілген. Осы дерек бойынша 1944 ж. 28 колхоздағы 956 семьяда 3649 адам бар екен. Оның тек 1133 ғана еңбекке жарамды. Сонда, 2516 адам 12 жасқа дейінгі жас балалар мен қарттар. Бұл мәліметтен елдегі адамның 68,9% еңбекке жарамсыз екені көрінеді. Ал жас балаға да, қарттарға да күтім, тамақ керек. Еңбекке жарамдысы елдің 31,1% ғана екен. Бұл 1133 адамның 323 16-дан 55-ке дейінгі ер адамдар, 657-сі әйелдер, 152-сі 12-16 жастағы балалар. Сонда еңбекке жарамдылар ішінде ер азаматтар үлесі — 28%, жасөспірім балалар — 13,5%, әйелдер — 58%. Және 1 жұмыс істейтін адамның мойнында үйде табыссыз 2-3 адамнан келеді. Әрине үйдегі екі-үш адамды күту де әйелдің мойнында болды.

Колхоздардың табысы мен оған алған еңбеккүннің талдап көрсек төмендегідей жағдайды кереміз. 28 колхоздың барлық табысы 1941 жылы - 1 млн 180 мың сом. Еңбек еткен 1133 адамға бөлгенде әр адамға 1041 сомнан келеді екен. Оны жылдың 365 күніне бөлсек 2 сом 8 тиыннан келеді. Оны үйдегілерге бөлсек 0.73 тиыннан келеді екен. Ал, шындығында колхоздар бір тиын да жалақы алған жоқ. Ал 1942 жылғы табыс 1 млн 634 мың - бір адамның 1 жылдың табысы 1440 сом, жеке адамға әр күнге - 1 сомнан келеді. Ал нақты 1942 жылы берілген ақша 96,676, яғни, 1 млн 537 мың 324 сом ақша төленген жоқ. Осы 1942 жылы 28 колхоздың 16-сы мүлде ақша алмаған, ал алынған ақшаны орта есеппен бөлсек әр адамға 1 күнге 17 тиыннан келеді екен. Бұған күн көру мүмкін еместігі өзінен-өзі түсінікті. Яғни, колхоз адамының тамақты сатып алуға еш мүмкіндігі болмаған. Ал, оның орнына берілген бидайға келсек жағдай төмендегідей:

Архив құжатындағы (1-ші кестедегі) дерекке [2, 162,163 п.] үңілсек 1942 жылы 28 колхоздың еңбекке жарамды 1133 адамының жиған бар еңбеккүні 553071 екен. Әр адамға 488,1 еңбеккүннен келеді. Ал оны бір күндік еңбеккүн нормасы 0,654 гр.-ға көбейтсек, еңбекке жарамды бір адамның, бір жылда табатыны 319 кг 500 г. (6,5 қап ұн). Оны 365 күнге бөлсек, үйге бір күнде кіретін табыс 875 гр бидай. Оны семьядағы орташа есеппен 3,8 жан басына бөлсе 230 гр-нан келеді екен. Сонда колхозшылар 1942 жылы 844 тонна 899 кг ұн алу керек еді. Алғаны 350 тонна 665 кг ғана. Сонда 58,5 % (494 тонна 234 кг) берілмеген. Халықтың алғаны 93 граммнан келеді. Бұндай жағдай Қазақстан бойынша 1942 жылы берілу керек 44 млн. центнер бидайдан 24 млн. центнер ғана, 1943 жылы 6,5 млн. центнер берілмеген [1, 223 б.].

Ал, ақшамен берілген 96676 сомның 3649 адамға торғайға сепкен талшық құрлы болмайтынын төмендегі дерек көрсетеді: "Қазақстан бойынша мемлекет колхозшылардан 1 кг бидайды 7-8 тиынға сатып алса, базардағы 1 кг бидай 25 сом (кортотты 3 тиынға алса, базарда 25 сом; бір қойды мемлекет 8-11 сомға алатын болса, базардағы еттің бағасының 1 кг — 100 сом" [1, 222 б.]. Жоғарыдағы берілген 96676 сомды 3649 адамға бөлсе, 26 сом 49 тиыннан келеді. Бұл ақшаға 1 жылда 1 кг ұн, не 1 кг картоп қана келеді. Оны 365 күнге бөлудің қисыны жоқ.

Бұл келтірілген цифрлар ешқандай сөзбен айтып жеткізуге мүмкін емес, ел басына түскен ауыртпалықты ашып көрсетеді. Кәзіргі біздер ептеп те болса түйсініп, түсінуге талпынып, сол кездегі күн көрістің жайын есептеп отырғанымен, ол кездің адамдарына

мұндай ұсақшылық тән емес, олардың рухы жоғары ма деймін. Бұлай дейтінім, басқаның басына туған күнге аяныштан өздерін аяуға мұршасы болмай, өмірлерін езгеге арнаған ұрпақтың рухы үлгі ретінде қол жетпес мұнар, елес сияқты болып кетті.

Сол кездегі қиындыққа қарамай: "Мемлекеттің тапсырмасын асырып орындауды моральдық ар-ұжданның ісі деп түсінбеген бір де бір колхоз жоқ", – деп жазады Калинин [1, 223 б.].

Ал өзі аш бола тұрса да үкіметке, майданға жіберген еңбек өнімдеріне келсек, төмендегідей көріністі көреміз: [2, 163 п.]. 1940 ж. 1-қаңтардағы мәлімет бойынша астық – 596 тонна, ет – 235 тонна, сүт – 25 т, 405 кг жұмыртқа – 13114 дана.

Сол кездегі шаруашылықтың ауыртпалығы техниканың жоқтығынан қолға және қолдағы малға түскен еді. Мысалға: Ірі қара малдың 12%, жылқының 38,1%, түйенің 43,1% жұмыс құрал-күшіне айналды [2, 163 п.].

Колхоздардағы мал түрлерінің проценттік ара-үлес салмағын салыстырсақ (2-ші кесте):

1940 ж.	1944 ж.
Ірі қара – 35,5 %	Ірі қара – 21,6 %
қой-ешкі – 56,6 %	қой-ешкі – 74,2 %
жылқы – 6,8 %	жылқы – 2,8 %
түйе – 0,9 %	түйе – 0,6 %
[3, 164 б.]	[2, 162-163 п.]

2-ші кесте. Колхоздардағы мал түрлерінің проценттік ара-үлес салмағы

Мұндағы өзгерістерден жұмысқа жегілетін мал түрлерінің үлес салмағы төмендеп кеткенін көреміз. Әр малдың өз ішіндегі пайыздық (35,5=100% деп алсақ) төмендеуін көрсетсек, ірі қараның үлес салмағы 39,2 %-ға, жылқыныкі 58,9 %-ға, түйенікі 33,3 %-ға төмендеген. Осыдан болжаммен шығаратын қорытынды - жұмыстың көлемі 1940 жылғыға қарағанда, техника қосылмай, қайта, алдыңғы жылға қарағанда ер азаматтардың майданға кетуіне байланысты жұмыс күшінің азайған жағдайында, шаруашылықтың атқаратын жұмыстары күрт артқанын көрсетеді.

Соғыс жылдарының егін шаруашылығының жайын төмендегі 3-ші кестеден көруге болады.

Жыл	Себілді						Шықпай қалғаны		Центн ер мен жалпы өнім	1 га жосп шығым	Нақ. орт. шығ.		Сонымен бірге шықпай қалған
	Бидай	қара бидай	сұлы	арпа	Тары	Барлығы	Га	%			шықп. қоса есеп	шыққана есеп	
1942	7749	782	975	186	3096	12788	1400	10,8	33165	5	2,5	2,63	1200
1943	8203	1803	639	58	3978	14681	3440	23	22030	5	1,56	1,56	3095
1944	7531	2750	530	69	2849	13729	4075	30	-	4,5	-	-	2264

3-ші кесте. Шет ауданының 1942-43-44 жылдардағы астықты дәнді-дақылдардың шығымын салыстыру кестесі [2, 174 п.].

3-ші кестенің түсініктемесінде: "Жыл сайын үлкен алқапқа сепкен тары шықпай қалады. Тіпті шыққанынан алатын өніміміз 1 га -дан 50-100 кг ғана. 1944 жылғы жоспар бойынша 3000 га тың жерлерді игеру керек еді. Орындағанымыз 1050 га, яғни жоспар 34,5 % ғана орындалған" - деп жазылған [2, 174 п.]. Ал, мұндай мәлімдемелердің арты жеке адамдардың басына қатер туғызатыны ол кезде жиі кездескен. Сол жылдардағы басшылардың жиі ауысуы осының айғағы іспетті [4, №2:138-145 б.]. Бұл кестеден көретініміз жыл өткен сайын еңбек ысырап болып, егін шықпай қалуы 10,8%-тен, 30%-ке дейін өскен [2, 174 п.].

Дәнді-дақылдан ең қажетті бидайды алатын болсақ, 1940 жылғы егістік көлеміне қарағанда 1942 жылы 132 %-ке, 1943 жылы 139 %-ке өскен. Бірақ шығым жоспар бойынша 1942 мен 1943 жылдары 1 га-дан 5 ц деп болжағанмен, шындығында 2,5 ц және 1,5 ц ғана екен [2, 174 п.].

Бұл фактілер тек жұмыс күшінің жетіспейтіндігімен емес, Шет өнірінің егін шаруашылығымен айналысу мүмкіндігінің зор еместігін және алдыңғы жылдардағы жаппай отырықшылыққа көшірудің кейінгі жылдары ақталмағанын көрсетеді.

Келесі, міндетті түрде өткізілуі керек мал және астық өнімдерінің жоспарының орындалуы жөніндегі 1944 жылы 01.09 мәліметке қарасақ, тек жұмыртқа тапсырудан ғана 100 %-ке орындай алған [2, 174 п.].

Шөп – 48% -ға, сүт – 59,3 %, ірімшік – 61,7 %, жүн – 84 %, астық – 85,2 %, ет – 94,6 %-ға орындалған. Бұл дерек әлсіз, ұсақ 24 колхоз бойынша берілген.

Мұндай колхоздарды біріктіру мәселесін Шет басшылары 1940 жылы екі рет, 1942 жылы шілдеде, 1944 жылы қаңтарда ОАК алдына қойған еді. Түпкілікті шешімі 1945 жылы 10 тамыздағы ҚазССР Халық Комиссарлар Советінің №523 қаулысы бойынша қабылданды [2, 2 п.].

Барлығы 30 ұсақ колхозды біріктіру көзделген болатын [2, 10-12 п.]. Олар:

1. Еңбекшіл-Аюлы
2. Құрама-Р.Люксембург
3. Беталыс-Байшегір
4. Жаңа-жұрт
5. Алғабас-Қарғалы
6. Жұмыскер-Ақжартас
7. Шетшоқы-Егіндібұлақ
8. Ақсу-Орджоникидзе
9. Қайрақты-Ақбұлақ
10. Аққұдық-Жастар
11. Қызылту-Қызылтеңдік
12. Қатпар-Айғыржал
13. Жастерек-Үлкенбұлақ
14. Игілік-Ақтөбе
15. Жалшы-Сталин

Жоғарыда аталған қаулыда Р.Люксембург пен Құрама өз беттерімен дами алады деп біріктіруді қолдамаған. Ал Қатпар мен Айғыржалды біріктіру толық дәлелденбеген деп кейін қайтарған [2, 2 п.].

Мал түрі	Жылдары				
	1940	1941	1942	1943	1944
1	2	3	4	5	6
Ірі қара мал	6664	7600	8630	8756	9200
%	100	114	113,5	100,4	
Қой-ешкі	21160	27860	30355	33560	39000
%	100	131,6	108,9	110,5	
Жылқы	1095	1298	1322	1324	1400
%	100	118	102	100,1	
Түйе	255	273	273	302	325
%	100	107	100	110,6	

4-ші кесте. Соғыс жылдарындағы шаруашылықтың жалпы жайы (1944 ж. 07.09) [2, 172 п.].

Бұл (4-ші кесте) кестедегі мәліметтер ауыртпалық пен шаруашылықты жүргізудегі (ұсақ колхоздарға байланысты) қиындықтарға қарамай аудан экономикасы дамып отырғанын көрсетеді.

Бұл жағдай Шет халқының жеңіске өз үлесін ойдағыдай қосуға мүмкіндік беріп отырды. Алдындағы есептеулерді еске алсақ, мемлекетке бар тапқаны тегін беріліп, өздері ештеңе алмай-ақ (тиісті 230 гр.-ның 93 грамы болмаса) жеке шаруашылығының арқасында ғана күн көрген.

Мұнымен қоса жоспардан тыс жеке шаруашылық өнімдерін (қолындағы мал өнімдері) ет, сүт, ірімшік, май, жүн, бидай, т.б. өткізіп отырған.

1941-1942 жылдары майданға деп жылы киім жиналғаны туралы дерек аудан военкоматы құжаттарынан кездеседі [4, №2: 67 б.].

1941-45 жылдар аралығында Қарағанды Облыстық Әскери Комиссариаттардың нұсқауы бойынша адамдар мен транспорттарды жұмылдыру жүргізілді. Осы аралықта Қызыл армияға 3194 адам, өндіріске 2398 адам, 400 ат, 30 машина бөлінген [4, №2: 66 б.]

1941 жылғы 15 сентябрьде өткен мәжілісінің материалдарында Ленинградтан 2500 неміс келеді деп күтілгені туралы дерек кездеседі [4, №2: 140 б.].

Бұл жылдардағы ел басқарған азаматтарға келсек: Партияның бірінші секретарлары [4, №2: 140-141 б.].

1. Жантасов – 1938 ж.
2. Қоянбаев – 1941 ж.
3. Ержанов – 1942 ж.
4. Алпысбаев – 1944 ж.
5. Дулатов – 1948 ж.

Сонымен бірге әр түрлі басшы қызметте: Қоянбаев, Мусина, Ыбышев, Баубекөв, Нұрбекөв, Күлейменов, Жақыпов, Жекеев, Мақажанов, Ағыбаев, Мусин, Шешенов, Жонкин, Балғабаяев, Ахметбекөв, Тұрсынбекөв, Байнамазов, Құлатаев, Баркөв, Бөкеев, Мұстафин, Сарынжіпов, Ахметов, Талай, Қасымов, Ордабаевтар, Кәрібекөва, Баянов, Күзгібекөв, Сәлімбекөв, Степанченко, Нақыпов, т.б [4, №2: 140-141 б.].

Осы жылдары Мойынты-Шу темір жолын салу жүріп жатты [5, 3 б.]. Ақшатауда тұтқын жапондар жұмыс істеп жатты [5, 3 б.]. Соғыс кезінде «мұғалімдер Армия қатарына алынғандықтан 8-10 кластар жабылып қалған еді», — дейді Зәбира ақсақал мектеп жайында [6, 3 б.].

«Соғыс жылдарында аудан газеті үнемі шығып тұрды. Танк колоннасын жасау қорына 499163 сом ақша берді. Жүздеген дана жылы киім, «ондаған тонна азық-түліктер Қызыл Армия қорына берілді» — дейді Шәукей ақсақал [7, 3 б.].

Соғыс кезіндегі ел еңбегі жайында Шәукең ақсақал: «Тылдағы ауыр жұмысты қарттар, әйелдер, қыз-келіншектер, балалар атқарды. Олар ыңыршағы айналған аттар мен өгіздер жеккен соқа айдап, тұқым сеуіп, жер жыртып егін салды. Масақ терді. Шөп шауып, мал бақты. Қолдарынан айыр-күрек түспеді. Соғыстағы жауынгерлерге жылы шұлық, қолғап, бөкебай, киім-кешек тігіп беріп тұрды», — дейді [7, 3 б.].

Мұндай еңбектен еңсесін кетеруге мұршасы болмай жатқан кезде 1943 жылы ел рухын көтерген Республикалық айтыстың өтуінің маңызы зор болды. Бұл жөнінде Шәукең ақсақал: «1943 жылы республикада ақындардың үлкен айтысы болды. Айтысты М.Әуезов басқарды. Халық ақындары: Жамбыл, Нұрпейіс, Орынбай, Нұртай, Майкеңе (Маясар – автор М.Ж.) дүрілдетіп қол соғады. Маясар сол айтыста республикада 1-орын алып оралады», — дейді мақтанышпен [7,3 б.].

Маясар ақын ел еңсесін көтеру үшін ауылда да айтыстар ұйымдастырып отырғаны жөнінде дерек Қарағандыдағы «Болашақ» институтының, қазірде академик Е.А. Бөкетов атындағы зерттеу университетінің ректоры Нұрлан Дулатбекөвтың ұнтаспаға жазылған, әкесі Орынбасар әңгімелерінен кездестіреміз [8]. Ол кездегі ауыл айтыстарын жас-желең жаттап алып, біріне-бірі мақтанышпен қайталап айтып жүру әдетке айналған екен. Орекеңнің есінде Майкеңнің Жәкен Байтуов ақынға айтыста айтқан мына жолдары қалыпты:

«Жәкен-ау айтқан сөзің ұнап жатыр,
Үйінде пеш пен қораң құлап жатыр,

Жарығына мына дүниенің жаңа келген,
Есіктегі екі қозың жылап жатыр.
Қолқабыс дүниеге келтірем – деп,
Жыртығын, келін байғұс, сылап жатыр»

– деген екен [8]. Бұл бір ғана шумақ бүкіл тұрмыс тауқыметінен сыр шерткендей. Жоғарыда, ауыртпалықтың салмағынан цифрлар сыр шертсе, бұл жерде соны сөз өрнегімен шынайы бейнелегендей.

Соғыс жылдарындағы ел тұрмысы бейнесін «Сағыныш» деген шығармасында жазушы Рымқұл Сүлейменов те шынайы суреттеген [9].

Ал, енді майданға аттанған ел азаматтарына келетін болсақ, ерлігін ел мақтан еткен партизан Аманбай Тілеулинді атауға болады. Ол жөнінде Шәукей ақсақал: «...Бәйшегір» колхозының азаматы. Осы жерде балалар үйінде тәрбиеленген. Әскерге 1939 жылы алынды. Әди Шәріпов бұрынғы партизан, 800 күн партизан отрядында болған Аманбай Тілеулинді жақсы біледі», – дейді [7, 3 б.].

Сонымен бірге Соғыстан Даңқ орденінің толық иегері болып оралған Нұраталдылық Ботай Байзақовты, «Хмельницкий» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен елге оралған, ауданның Құрметті, ел силаған азаматы Жұматай Құтжановты атауға болады.

Қазақтың алғашқы генералдардың бірі Камал Бошаевты, Ағадырлық — Мұрат Құрмановты атауға болады.

Бұл әрине, теңіздің тамшысындай ғана дерек. Ел азаматтарының ерлігі жөніндегі дастандар жазуға болатын деректі енді ғана жинай бастадық. Соңғы жылдарға шейін олардың аты да аталмай келді. Соғысқа аттанғандар және оралмай кеткендер жөніндегі деректі «Боздақтар» жинағынан көреміз.

Шет ауданы бойынша «1941-45 Отан соғысы жылдарындағы «Ерен Еңбегі үшін» медалімен 1013 адам наградталды [10, 1 л.].

Соғыс жылдар тарихы қажырлы еңбектің, елдік рухтың қандай да болмасын жауды да, одан келген қиындықты да жеңетінін көрсетті.

Мақала соңында осы қарастырып отырған мәселеге қатысты әкем Совет Сейфоллаұлының естелік әңгімесіндегі құнды мәліметтерді де ортаға салғанды жөн көрдім.

Бұл сұхбат 1998 жылы «Шет өңірінің тарихы» атты зерттеуіміз [11]. (Ж.О. Артықбаев – 1-ші тарау (Шет өңірі – көне шежіренің бастауы) авторы, Жакин М.С. – 2-ші тарау (Шет өңірі – XX ғасырда) авторы) жарыққа шыққан соң, 1999 жылы жаз айының бір күні әкем қаладағы үйіме келгенде жасалған еді. Сол әңгіменің мазмұнын бірден сол сәтте қағаз бетіне жазып отырғам, дәл күні мен сағатын жазу есте болмапты.

Әкем, ел ішіндегі айтып жүретін ауылдың аузы дуалы адамдарынан қалған деп, еске алып, төмендегі әңгімені өрбітті [12].

Баласы көшіп келіп, көрші болған табын Еркебай үйінде бірде әкем Совет қонақта отырғанда сөзден сөз шығып, Әуесханның әйелі Мәкен:

- *Інісі ауданға прокурор болып келгеннен кейін бу біткен зой мынаған, жаман қоңырбайға (шыққан тегімізді қозғап – автор М.Ж.) білім қайдан келсін – дейді, ойынды-шыны аралас әзілді тілімен қағытып.*

Сонда оны қостап Еркебай:

- *Қоңырбайдан оқыған ешкім жоқ қой – дейді, басын изей түсіп. Осы кезде бұл сөздер шымбайына батқан Совет:*

- *Ей, табын, сенде оқыған қайдан шықты. Білесің бе, Қапатай, Демесін, Шылмағамбет біздің әкейдің (атам Сейфолланы айтып отыр – автор М.Ж.) қол астында Қарасай қорасын тастан қалап, құлап қалғанда Шегеннің әйелі Дина:*

*«Табыннан шыққан тәйпағым,
Басыңды неге шайқадың,
Прорабың келгенде,
Көрсетейін деп мақтанып,
Қалап қойған тас қораң,
Іргесі құлап қалғанда,*

Басыңды неге шайқадың» - дегені, қай білгенің мен біліміңді айтасың? Сен Қасқатайдың (қоңырбайдан шыққан, аудан құрылуына елеулі үлесін қосқан, басшылық қызметтерде болған, колхоз басқарған беделді тұлға – автор М.Ж.) қол астында жүріп, білім алып, өсиетті нәрін алып, мал жинап алып, осы сөзді айтасың – дегенде Еркебай екі қолын көтеріп:

- Кешір, көңіліңе неге алып қалдың? Енді бұл сөз басқа жерде айтылып жүрмесін - деп, артын жуып-шаймақ болады.

Бұл отырыста сөз болып отырған қора оқигасы 1939 жылдар кезінде Қарғалыда Қарасай (ешкі фермесі) жерінде болған. Ол кезде Қарғалы Балхаштың продснабына қараған подхоз болатын. Оның бөлімшелері: Қарасай, Мәнет, Сарыөзек, Қорғантас, Қушоқы, Жартас. Ел бұрынғыдай малын қыста Сырға, не Шуға, Бетпаққа айдайтын заман жоқ. Отырықшылыққа көшкен соң қатты қыстан малды аман алып шығудың жолы тастан салынған қорада ұстау деп көздеген ел адамдары тастан қора салдыра бастаған. Қарасайдағы қораны салушылар жоғарыда аталған табындар. Олардың бригадирі қоңырбай Сейфолла болған. Қора салуға зор күш жігер жұмсалған. Құрылысқа қажетті тасты 4-5 шақырым жердегі Қарасай, Жаналы, Айдаһарлы деген таулардан өгіз арбамен тасылады. Оған жұмыс күші ретінде маңайдағы (Спасск, Бұрма, Дубовка, Красная поляна, Просторный) лагер тұтқындары жұмылдырылған. Тасты солар дайындаған. Төбесіне керекті талды Қарасайдан 50-60 шақырым жердегі Қаратоганбай, Сарытоғанбай деген жерден тасып әкелген. Қораны салу кезінде талай қиыншылықпен бірге езу тартқызатын күлкілі жайттар да болған. Мысалы, әкеп, үйіп қойған талды күзетуге жас келіншектер Күнсұлу мен Айсұлуды қояды. Ауылдың бойдақ жігіттері қырындайтын болған соң бұл келіншектердің үстінен қосымша күзет қояды. Осының бәрі ақын келіншек Динаның бірнеше шумақ өлеңіне арқау болған. Советтің Еркебайға айтқаны тек бала кезінен есте есте қалған тұсы ғана.

Бұл қораны 1940 жылы бітіреді. Оған 1700 қой қамалады. Бұл қойды қареке соқыр Біләл бақты. Декабрьдің орта кезінде қойдың тең жартысын қасқыр қырды. Шал 75-78 жаста еді. Қарасайда қалған ылғи әйелдер. Қарғалыда директор Коваленко, Филатов дегендер болды.

Қарғалыдан соғысқа кетіп, қайтпай қалған 33 адам аты есте, сақталмағаны қанша.

Төлеубек – 1939, Сейфолла – 1941 ж. Қарағандыда №18 «БИС» шахтасында нағашысы шаншар инженер болған. Әсен ғана қалған. Соғысқа 1943 жылы кетті.

Сейфолла 1942 жылы майддың 4 күні демалысы бітіп, қайта шахтаға кеткен. Оның бронын алып қойып, соғысқа жіберген, содан қайтпады. Қасенбекті 1942 жылы әкетті.

Соғыс жылдары Қарасай қорасындағы 1700 қойдың күзеті шешей мен бірге төрт әйелге жүктелді. Мен шешеммен бірге сол қой күзетінде бірге болатынымын. Мұның бәрі есте қалғаны осыдан» – дейді еске алып.

Әрі қарай: «1944 ж. аудан военкоматы Гәләй, ал Ақшатауда воен.комиссар Карин Жылқыбай болды. Өте қатал, парақор, жасы толмаған қыз бала болсын, ұл бала болсын, алып кетіп, оларды қалдыру үшін елден тон, пара алған.

Содан:

*«Военкомат Жылқыбай,
Ақырын жүр Жұлқынбай,
Тоны бардан тон алып,
Поны бардан пон алып,
Басқармадан қой алып,
Майы бардан май алып,
Қыз-келіннен гүл алып,
Военкомат Жылқыбай,
Ақырын жүр жұлқынбай...»*

- Мұны, күйеуінің понын (бронь – автор М.Ж.) алып, басқаға берген соң қорықпай шығарған бір әйел еді. Осыдан кейін осы әйелдің «17-дегі баласын жасырып отыр» - деп, 18-де деп, документ жасап, соғысқа жіберді.

Сол жылы-ақ ол бала «қайтыс болды» - деген қағаз келді. Қайнысы да осылай әскерге жазылып, бір семьядан 3 адам құрбан болып кеткен.

Сол Жылқыбай өз күйеу баласының ағасын «соғыстан қашып келдің» - деп атып тастаған. Бұл Жылқыбайдың әйелінің әкесі Кәмен еді.

«Қара тоғанбай,

Сар тоғанбай,

Ырғайдай боп біткен талды құрай,

Жас желеңі қиылып,

Үйілді зой тау болып, Қарасайда-ай» - деп те өлеңдетеін.

Соғыс жылдарында Қасқатай мен Есмақай ел алдында қадірлі болып, атақтары шыққан. Олардың кезінде қоңырбайдың алдында ешкім қарсы шықпайтын. Табындармен қоңырбай құдандалы, силас, тату-тәтті болған» - деп аяқтады әңгімесін әкем. Осындай естелік әңгімелер ел ішінде бұрыннан айтылып келеді. Оларды жинап, хатқа түсіріп, архивтегі ресми статистикалық немесе идеологиялық түсінікпен жазылып, тіркелген мәліметтерімен салыстыра сараласа кейде бір-біріне қарама-қайшы да, кейде, бірін бірі толықтыратын мәліметтер өмір шындығының сан алаун бейнесін сомдауға себеп болар еді.

Соғыс жылдарындағы ауыл халқы тұрмысы мен шаруашылығының жай-күйі осындай бағытта зерттеліп, қат-қабат сырлар ашыла түссе тарихтың да ақтандақтары азайып, өмірлік тарихты түсінуге сара жол салынар еді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. – Алматы: Университет «Туран», 1997. – 360 с.
- 2 Қарағанды облысының мемлекеттік архиві. Қор-18. Тізім-1. Іс-775. «Материалы о решении вопроса о слиянии моламошных колхозов Шетского района за 1944-1945, 1948 годы». – 177 л.
- 3 Районы Каз ССР / Управление народно-хозяйственного учета Каз ССР. – Алма-Ата, 1941
- 4 Материалы по подготовке к 60-летию Шетского района. – 1988. – №1, №2, №3
- 5 Майбас Т. Ақадырға тіл бітсе айтар сыры аз емес // Орталық Қазақстан. 17.02.1998
- 6 Изатбекұлы З. Жылдар жаңғырығы // Заман. 19.05.1998
- 7 Жұқанов Ш. Ел тарихы жадымызда // Заман. 11.04.1998
- 8 Дулатбеков О. Естелік-әңгіме. /«Шет-1998» атты далалық экспедиция материалдары. №5 үнтаспа.
- 9 Сүлейменов Р. Сағыныш. – Қарағанды, 1995
- 10 Қарағанды облысының мемлекеттік архиві. Қор-18. Тізім-1. Іс-1019. Акты вручения медали «За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.» труженикам Шетского района за 1946-1947 годы». – 58 л.
- 11 Артықбаев Ж.О., Жакин М.С. Шет өңірі тарихы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998. – 275 б.
- 12 Жакин С.С. Естелік-әңгіме. Қолжазба. 1999 ж.